

# КӨПKE ҮМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Біржақты түсінік. 1-бөлім

5-тарау. Біржақты түсінік



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 18. Біржақты түсінік деген не?

Әлеуметтік психологтар біржақты түсінікті түрлі тәсілдер арқылы анықтаған. Біз оны қате және толық қарастырылмаған ақпаратты жалпылау негізінде түрлі топтарға қатысты дұшпандық немесе жағымсыз қатынастар ретінде танимыз.

Оның бойында когнитивті компонент, эмоциялық компонент және мінез-құлық компоненті бар. Мысалы, жеке тұлғалар қара нәсілді адамдар туралы теріс ой түйеді десек, олар кейбірін ғана айтпағанда, барлық қара нәсілдіні бірдей деп санап, оған менсінбей немесе дұшпандықпен қарайды деп ойлаймыз. Гордон Олпорт өзінің «Біржақты түсінік табиғаты» атты классикалық кітабында теріс ой-пікірлердің жымысқы болмысын сипаттайды:

Х мырза: Еврейлердің ауруы – олар тек өз топтарының қамын ғана ойлайды.

Ү мырза: Алайда қайырымдылық қорының баяндамасы бойынша, жергілікті еріктілер қайырымдылық шараларын еврей еместерден гөрі көп ұйымдастырады екен.

Х мырза: Бұл жайт олар үшін танымалдықты сатып алу және христиандардың барлық істеріне араласу маңызды екенін дәлелдейді. Олар ақшадан басқа еш нәрсені ойламайды! Міне, сондықтан, банкирлер арасында еврейлер өте көп.

Ү мырза: Алайда кейінгі зерттеулерде банк бизнесінде еврейлердің саны еврей еместер санынан анағұрлым төмен делінген.

Х мырза: Мен де соны айтамын: олар орнықты бизнеспен айналысқылары келмейді, тек кино-бизнеске ақша жасайды немесе түнгі клубтарға иелік етеді.

Осы диалог дәлелді көптеп келтіргеннен гөрі, біржақты түсініктің табиғатын анағұрлым артық суреттейді. Х мырза «дәлелдермен басымды қатырмай-ақ қойыңдар, маған онсыз да бәрі белгілі!» деп тұрған жоқ па?! Ол Ү мырза келтірген дәлелдерге еш дау айтпайды. Тек оны бұрмалайды немесе еврейлерге деген өзінің жек көрініш сезімдерін қолдауға үгіттеп, жаңа шабуыл жасауға жігерлене кіріседі. Әлдебіреу туралы теріс пікірге әбден бой алдырған адам өз ұстанымдарына қарсы ақпараттарды ешқашан қабылдамайды. Танымал заңгер кіші Оливер Венделл Холмс бірде: «Фанатты ақылға шақыру талпынысы – көзге жарықтың сәулесін тура түсіргенмен бірдей: ол кезде көздің қарашығы кішірейеді».

Көптеген тәжірибелік мәлімет Альпорттың «адамдарды өз сенімдеріне қайшы дәлелдермен қанша найзаласаң да, олардың сенімдерін өзгертуге мәжбүрлей алмайсың» деген пікірін растайды. Оның орнына олар «бетпақ әйел», «адал адвокат» немесе «өте білімді афроамерикалықтар» деген сияқты жаңа тіркестер ойлап тауып, таптаурын болған өз пікірлеріне сендіруге тырысады. Өзге дәлелдердің шындық екеніне көзі жетсе, оған «ережеге сай ерекшелік» деп қарайды. Мұндай жауаптар біржақты түсінікті жоюды қиындатады. Алдыңғы дәрістерде айтылғандай, таным – консервативті; біз өзіміздің сеніміміздің өзгеруіне қарсылық көрсетеміз.

Біржақты түсінік сипаттамасы бізді топқа бірігуге жетелейді. Біз Таяу Шығыстағы қақтығыстарда барлық лаңкестер, лаңкес-жанкештілер жап-жас мұсылмандар екенін білеміз, бұдан барлық мұсылман ерлер лаңкестер деп түсінбеу қажет. Қате түсіну негізіндегі таптаурын пікірлердің күшті болатыны соншалық – сананы түгел жаулап алады.

Барлығымыз зор сеніммен айтуға болатын нәрсе – бізде этникалық, ұлттық немесе нәсілшіл топтарға, өзгеше жыныстық талғамдары бар адамдарға, тіпті, тұрғылықты орынның дұрыс таңдалғанына, кейбір нақты тағамдарға қарсылық білдіруге байланысты бәрімізде анық қате түсінік бар.

## Біржақты түсініктің түрлі формалары

Көп адам біржақты түсінікті адамның өзін-өзі еркін ұстауы, осы дәрістің басындағы ашулы полиция қызметкері көрсеткендей, өз мінез-құлқын ашық көрсетуі деп ұғады. Бірақ біржақты түсініктің пайда болуының көп себебі бар. Ол өте еркін және қатыгездеу, сонымен бірге болар-болмас байқалуы мүмкін және мінез-құлықты саналы түрде және әдейі көрсету немесе ойланбастан, қасақана емес қылық жасау сипатында болуы да ықтимал.

2003 жылы әлеуметтанушы Дева Пейджер колледждің жақсы, жоғары білімді түлектерінің қолына бірдей түйіндемелерді ұстатып, Милуоки ауданында бос орындарды жарнамалаған 350-ден астам



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 18. Біржақты түсінік деген не?

жұмыс берушілерге жіберді. Өтініш берушінің жартысы ақ нәсілді, жартысы афроамерикалықтар болды. Әрбір топта жастардың тең жартысы жұмысқа қабылдау жөніндегі өтініштерінде өздерінің кокаин қолданғаны үшін 18 ай түрмеде отырғанын атап көрсетті. Енді сұрақ мынадай: кім жұмысқа орналасу үшін әңгімелесуге шақырылады? Жұмыс берушілер ашықтан-ашық ақ нәсілді үміткерлерді таңдап алды. Түйіндемелері өте жақсы үміткерлерді қарастыру барысында ақ нәсілді адамдар қара нәсілді адамдарға қарағанда үш есе көп аталды. Ал түрмеде отырғандарын көрсеткен өтініштерді қарастыру барысында жұмыс берушілер ақ нәсілді адамдарды қара нәсілді адамдарға қарағанда екі есе көп атады.

Шындығында, жұмыс берушілер тіпті сотталмаған қара нәсілді адамдарға қарағанда, ақ нәсілді сотталған адамдарға көбірек көңіл бөлген. Көлік салонындағы жағдай сияқты, жұмыс берушілер қара нәсілді өтініш берушілерге жаулық сезіммен қарады ма, әлде өз пікірлерін біржақты түсінікпен байланыстырды ма, мұны білу мүмкін емес. Бірақ, біржақты түсінік, әдейі кемсіту болғаны рас, бұл қара нәсілді үміткерлер үшін кәдімгідей байқалып тұрды.

Кейінгі кездері жасалған эксперименттерде осындай әділетсіздік біздің қиындыққа тап болған адамға қалай қарайтынымызда да анық көрінеді. Қатысушылар әлдебір адам құлап қалса немесе бір жерін зақымдап алса, қара нәсілді емес, ақ нәсілді адам бірінші болып әрі тез көмекке келеді деп жауап берген. Бұл әділетсіз көзқарас апат айтарлықтай ауыр болып, жарақаттанған адам қатты ауырсынғанда ғана анық көрінетін еді, ол апат жеңіл-желпі болса, ешқандай да ала-құла көзқарас байқалмайтын. Неге бұлай болуы мүмкін? Ауыр апат болғанда көп адамның көмегі қажет, көп ақ нәсілді бұл жағдайға араласқысы келмейді, ондай жерде ұзақ кідіргісі келмей, кетудің жолын іздейді. Осылайша көмекке зәру қара нәсілді адамға қол ұшын созуға асығудың орнына, өздерін төтенше жағдай онша маңызды емес деп сендіру үшін уақыт жоғалтады. Барлық зерттеулердің нәтижесінде қара нәсілді адамдар біржақты түсінікке бой алдырмай, құрбандардың нәсіліне қарамай көмектесуге, сонымен қатар, апат кезінде де тез көңіл бөлуге тырысты. Бұл – аса маңызды нәсілдік айырмашылық. Ақ нәсілді адамдар қара нәсілді адамдарға қарағанда нәсілдік ерекшеліктер мәселесінде екіжүзді болып көрінуі мүмкін.

Питер Глик пен Сьюзен Фиске гендерлік біржақты түсініктерді талдау мәселесінде қызықты айырмашылықтар көрсеткен. Олар 19 елден 15 000 ер мен әйелді зерттей келе, сексизмнің екі түрін дәлелдеп көрсетті. Олардың біреуін дұшпандық сексизм деп атайды, ол әйелдерді ашықтан-ашық жақтырмауды көрсетеді. Екіншісі – тілектестік сексизм, бір қарағанда әйелдер үшін ұнамды, бірақ, шындығында, оларды қорғаштайтын қарым-қатынас түрі. Дұшпандық сексистер әйелдер ерлерге қарағанда төмен таптаурын көзқарасты ұстанады. Тілектес сексистер әйелдерге қатысты жағымды стереотиптерді ұстанады, дегенмен Глик пен Фискенің сөзіне қарағанда, осы сексизмдік екі көзқарастың астарында әйелдер әлсіз, біліктілігі аз деген ой астары бар. Тілектес сексистер – әйелдерді дәріптеуге, оларды керемет ана, керемет аспаз деп мақтауға, оларға қорғау қажет болмаған жағдайда да оларды қорғап қалуға бейім тұратын жандар. Осылайша дұшпандық және тілектестік сексизм түрлі жолдармен әйелдердің қоғамдағы дәстүрлі қызметіне жоғары баға береді. Глик пен Фискенің пікірінше, тілектестік сексизм – «біржақты түсініктің ең жымысқы түрі», себебі әйелдердің төзімділігіне қатысты аз ғана кемшілік байқалса, ол ерлер үшін де, көптеген әйелдер үшін де «біржақты түсінік» болып саналмайды.

## Біржақты түсінік негіздемесі

Көпшілігіміз біржақты түсініктің ұнамсыз қылық екенін мойындаймыз, бір нәрсенің қате, біржақты түсінікке сай екенін білсек, оны айтпауға, істемеуге тырысамыз.

Христиан Крэндаль мен Эми Эшлманның ойынша, адамдардың көпшілігі үнемі өз менінің алдында да, басқа адамдар алдында да өз соқыр нанымдарын көрсету мен өзін оң бағалау қажеттігі арасындағы тартыста жүреді. Дегенмен намысқа тиетін біржақты түсініктер, теріс пікірлер көп күшжігерді талап етеді. Біз ақыл-ой энергиясын сақтап қалуға бейімбіз, біржақты түсініктерімізді ақтап алатын және оны ашық көрсетуге қажетті ақпараттарға көбірек қызығамыз. Белгілі бір келеңсіз жайт туралы негізі бар сылтау тапсақ, біз өз соқыр нанымдарымызды көрсете бастаймыз, осылайша когнитивті диссонанстан қашамыз.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 18. Біржақты түсінік деген не?

Біржақты түсініктерімізді ақтап алудың басты факторы – адамның өз басындағы жағдайды бақылайтынына сенетінімізде. Мысалы, керісінше болатынына өте күшті дәлелдер бар екеніне қарамастан, көп адам гомосексуализм – өзгермейтін, туа бітті бейімдік емес, «өмір салты» деген пікірден айнамай келеді. Адамдар гомосексуализмнің биологиялық табиғаты туралы дәлелдемелерді неге елемейді? Аронсон гомосексуализмнің адамдар өздері таңдап алған өмір салты екенін көре отырып, олар өз біржақты түсініктерінің әсерінен өзін ақтап алатынын, бір жынысты бола тұрып үйленуге ниет еткенде, оны қоғам алдында ұят санамайтынын, қарулы күштер, басқа да заңдар алдында бірдей құқыққа ие екенін біле отырып, гейлер өздерін әділетті өмір сүреміз деп ойлайтынын жақсы біледі.

## Стереотиптер және олардың әсері

Біржақты түсінік негізінде әр санаттағы адамдардың мінез-құлқын, өмір сүру салтын, тәртібін жинақтау қағидасы жатыр. Генерал Браун, Ричард Никсон және Мел Гибсон жайып салған осындай жинақтау қағидасы стереотиптеу деп аталады. Осы терминді ойлап тапқан журналист және саяси шолушы Уолтер Липпманн «онда» әлемі мен стереотип арасындағы түсініктерге анықтама берді, яғни стереотип дегеніміз – біздің ойымыздағы кішкентай көріністер, олар бізге бұл әлемді қабылдап, оны түсінуге көмектеседі.

Стереотиптер сол көріністерге біздің дүниетанымымыздан үстем болуға мүмкіндік береді, бұл белгілі бір санаттағы адамдардың танымының өзгеруіне қарамастан, сол санаттағы бір адамның мінез-құлқын тең қабылдауға жағдай жасайды.

Ең дұрысы, біз әлеуметтік әлем күрделілігін жеңілдету үшін жиі қолданатын әдіске жатады. Одан қашу мүмкін емес, себебі біздің ата-бабаларымыз досты – дұшпаннан, дұшпан тайпаларды дос тайпадан және т.б. тез ажырата алу үшін стереотипке жүгінуге тиіс болды. Сондай-ақ, біздің миымыз өмір сүру жағдайына сай адамдарды нәсіліне, жасына, жынысына қарай автоматты түрде ажыратып тастауға бейім. Біз өзгелер туралы айтқанда немесе олармен араласқанда, көп нәрсе өзіміздің тұлғалық мінезімізге және сол кездегі жағдайларға байланысты болады, бірақ негізіне тереңдесек, біз әуелгі стереотипке сай ойлаумен тығыз байланыстымыз. Себебі «футболшы», «компьютерге тәуелді адам», «университет профессоры» немесе «мектеп чирлидері» деген сөздерді естігенде, әрқайсымыздың ойымызда нақты кескін, сұлба пайда болады. Ол тәжірибемізге қарай қандай стереотип дәл келетініне байланысты. Мысалы, бейімделген, қиындықпен күресуге сай қысқартылған, т.б. Екінші жағынан, стереотип адамдар табының ішіндегі жекелеген айырмашылықтарды бүркемелейтін болса, кәдімгідей қауіпті. Ол бейтарап болып көрінсе, тіпті жағымды болған жағдайда да белгілі бір мақсат үшін стереотиптеу зиянды болуы мүмкін.

Еврейлерге – «кеудемсоқтық», қара нәсілділерге – «ырғақты биге табиғатынан қабілеттілік», гейлерге – «көркем темперамент» тән екенін мойындамау міндет емес, бірақ топтарға тән стереотиптерге өте жиі мән беру әділетсіз.

Кейбір азиялық америкалықтар оларға көрсетілетін қысымның әсерінен «үлгілі аз топ өкілі» стереотипін сақтап жүруге мәжбүр болатынын айтып шағынады. Стереотиптік жалпылау – адамды қорлау. Себебі олар адамның жағымды және жағымсыз өзіндік қасиеттерімен жеке тұлға ретінде қоғамға араласу құқығынан айырады. Сонымен қатар, олар адамдардың мінез-құлқын түсіндіруде мәліметтерді бұрмалайды. Әлдекім туралы бұрмаланған түсінігіміз бар кезде сол адам туралы алдын ала ойластырылған жолмен бұрмаланған қарым-қатынас жасай бастаймыз.

Біз белгілі бір мәдениетте өмір сүретіндіктен, бәріміз стереотиптік бейнелер әлемінде араласып, өз тобымызға қатысты болса да, бейсаналы біржақты түсініктерге мән беруге бейімбіз.

Джон Иост пен Махарин Банаджидің пікірі бойынша, жағымсыз стереотиптер – кейбір адамдар биікте, кейбірі төменде деп бағаланатын әділетсіз жүйені ақтап алуға көмектесетін жұбаныш белгілері.

Мұндай біржақты ойлаудың күнделікті өмірде зиянды зардаптары болуы мүмкін. Алайда адамдар стереотиптерге байланысты асығыс істер жасағанда, өздерінің ағат қылық жасағанын пайымдауға уақыты мен мүмкіндігі болмаса, оның зардабы орасан болып, өлімге душар етуі мүмкін.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 18. Біржақты түсінік деген не?

## Стереотиптер мен атрибуциялар

Стереотип – атрибуцияның ерекше түрі. Біздің білетініміз, бөтен адамның іс-әрекетінің себептерін іздеу, бар ақпаратқа қанағаттанбай, оны одан әрі қарай қазбалау – адам баласына тән құбылыс. Белгісіздікке тап болғанда адамдар өз сенімдері мен біржақты түсініктеріне сәйкес атрибуцияларды жүзеге асыруға бейім. Томас Петтигрю бұл қателікті абсолютті атрибуция деп атады. Мысалы, егер адамдар әйелдерге қатысты біржақты түсініктерге бой алдырып, әйел адамдар табиғатынан ер адамдарға қарағанда азырақ білікті және азырақ қабілетті деп есептесе, онда олар әйел адамның қиын тапсырмаларда табысқа жету мысалдарын қалай түсіндірер еді?

1996 жылы Джанет Суим мен Лоуренс Санна 50-ден астам эксперимент нәтижелерін жинақтап, өте маңызды жүйелі гендерлік дәйектерді тапты: егер адам берілген тапсырма бойынша табысқа жетсе, бақылаушылар, ережеге сәйкес, оның табысын қабілеттерімен байланыстырды, ал егер сол тапсырмада әйел адам табысқа жетсе, онда оның табысын бас алмай жұмыс істеуінің нәтижесі деп бағалайды. Егер адам тапсырманы орындай алмаса, бақылаушылар оны сәтсіздік және күш-жігерінің төмендеуінен көреді, ал әйел адам орындай алмаса, бұл тапсырма оның қабілетінің деңгейіне сәйкес келмейтінімен, ол әйелдің бойында «талап етілетін нәрсенің» жоқтығымен байланыстырады. Мұндай біржақты түсініктер тіпті кішкентай балаларға да жиі беріледі. Джанис Джейкобс пен Жаклин Эклс зерттеулерінің бірінде 11 және 12 жасар ұл-қыздарының қабілеттеріне аналарының бойындағы гендерлік стереотиптік сенімдерінің әсерін зерттеді. Кейін олар осы балалардың танымына өз қабілеттері қалай әсер етуі мүмкін екенін көрді. Ең күшті стереотиптік гендерлік сенімдегі аналар өз қыздарының математикалық қабілеттері төмен, ал ұлдарының математикалық қабілеттері жоғары деп санайтынын байқатты. Ал мұндай стереотиптік сенімдері жоқ аналар қыздарын ұлдарына қарағанда математикадан қабілеті төмен деп санамайды екен. Бұл сенімдер балаларының сенімдеріне де әсер етті. Ал күшті гендерлік стереотиптері болмаған әйелдердің қыздары мұндай нық сенім байқатқан жоқ.

Стереотиптер мен атрибуциялардың мұндай ерекшеліктерінің түрлі қызық салдары бар.

Тернер мен Пратканис жағымды іс-әрекеттер бағдарламасы негізінде болатын кейбір зиянды жанама әсерлерді зерттеуге мән берді. Жағымды іс-әрекеттер бағдарламасы, жалпы айтқанда, өте пайдалы. Ол дарынды әйелдердің бұрын-соңды қол жеткізе алмаған жұмыс орындарына орналасуына көп пайдасын тигізген. Өкінішке қарай, оның қолайсыз салдары да бар, мұндай бағдарламалардың бірқатары әйелдерді шынайы талантты болғандықтан емес, тек олардың нәзік жаратылыс болғаны үшін таңдалған деген күмән келтіріп, талантты әйелдерді қоғамнан алыстауға мәжбүрледі. Бұл бағдарламалар оған қатысқан әйелдерге қандай әсер тигізді?

Мұқият бақыланған экспериментте Тернер мен Пратканис кейбір әйелдерді жұмысқа тек жынысына қарай таңдалды деп сендірген, ал кейбіреуіне қиын сынақтан жақсы қорытынды көрсеткендіктен таңдап алынғанын айтқан. Нәтижесінде қабілеті үшін емес, әйел адам болғаны үшін жұмысқа алынды деген әйелдер өз қабілеттерін төмен бағалады. Сонымен қатар, осы әйелдер барын салуға тиіс міндеттер берілген кезде, қабілетінің арқасында жұмысқа алынған әйелдер сияқты алған бетінен қайтпайтын ерік-жігер көрсеткен жоқ.